

№3 Педагогикалық кеңес

Хаттамасы

29 қаңтар 2024 жыл

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымда инновациялық және денсаулық сақтау технологияларын қолдану»

- **Мақсаты:** Балалардың денсаулығын нығайту, дамытушы ортаны ұйымдастыруда жаңа технологияларды (STEAM, дамытушы ойындар) тиімді пайдалану.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер

1. Балабақшада денсаулық сақтау технологияларын (тыныс алу гимнастикасы, шынықтыру, су-тұз процедуралары) қолдану деңгейі.
2. Оқу-ағарту процесінде STEAM-технологиясының (робототехника, лево-конструктрлеу, тәжірибе жасау) элементтерін енгізу.
3. Бабақшадағы психологиялық климат және балалардың бейімделу (адаптация) қорытындысы.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова аланың дені сау, салмақты ден дамуы мықты, тәбеті жақсы ұйқысы толық қанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Мектепкі дейінгі ұйымда денсаулық сақтау педагогикалық технологияларына келсек, мектепке дейінгі кезең – бала ағзасының өте қарқынды дамитын кезіекенін айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова ҰІӨ барысында конструктивті сабақтар ұйымдастыру. Ойын түріндегі әр түрлі тапсырмаларды балаларға логика мен алгометриал ойлауды дамытуға көмектеседі. Мектеп жасындағы балаларға мәселелерді тез шешуге үйретеді және өздері үшін бағдарламалардың негізгі білімін алады. Баланың ой-өрісі дамиды, сөздік қоры көбейеді, ұсақ моторикасы дамиды.

Үшінші мәселе бойынша Балабақша әдіскері У.М.Гумарова Баланың балабақшаға бейімделуі-табиғи, бірақ көптеген факторларға байланысты күрделі үдеріс. Оның қорытындысы баланың эмоционалдық жағдайының тұрақталуымен, ұйқы мен тәбеттің қалыпқа келуі мен, сондай-ақ құрдастарымен және тәрбиешілермен қарым-қатынас орната алумен өлшенеді.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Баламен шынықтыру шараларын ұйымдастыру алдында бірнеше ережелерді сақтау керек. Дені сау баламен шынықтыруды жүйелі жүргізу, оның теріс эмоциясын (үрей, жылау, мазасыздық) тудырмайтын және біртіндеп үдетіп, ұзартылып медбике мен педагогтың қатаң қадағалауында болу керек.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, медбике

2. Мектеп жасына дейінгі балалармен бірге дала жұмыстарын жүргізу, қоршаған ортаны зерттеу, ұсақ қол моторикасын дамытатын құралдар жасау.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

3. Бала балабақшаға бейімделу үшін ата-анасынан оңай бөлінуі, жылаудың азаюы, ортасын қабылдауы, тамақтану, ұйықтау, ойнау басқа баламен бірлесіп ойнауға деген қызығушылығын арттыру және осы бағытта жұмыстану.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

Төраға А.Б.Султанова
Хатшы У.М.Гумарова

